

мандарға елдің су қоймаларын да бақылауға мүмкіндік береді. Биылғы жылдың наурызында Шардара су қоймасында бірінші болып мұз еріген екен. Кешірек Көксарай су қоймасы мен Арал теңізінде қар ереді. Сәуірде Қапшағай мен Каспий теңізі. Кештеу-Балқаш пен Алакөл. Мұндай сурет 2000 жылдан бастап әр жылдікі бар. Бүгін жасанды серіктер 40 тан астам елдер мен бөлек компаниялардың арқасында шығарылуда. Олар, әсіресе, кен шығатын жерлерді, табиғи қорларды барлауда өте нәтижелі. Бұған

тағы қоршаған ортаны бақылауды қосыңыз. Заманға сай технологиялар ғаламшарды қатаң бақылап отыр, солардың арқасында адамзат жағымсыз табиғи катаклизмдерден сақтана алады. Бұл жерде «Сақтансаң сақтайды» деген сөз өте орынды.

Жер планетасының ашылмаған байлығы, шешілмеген жұмбақ сыры әлі де мол. Бұл проблемаларды шешу, жаңа кен орындарын ашу-XXI ғасырдың жас мамандарына жүктеледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Кондратьев К. Я. Глобальные изменения климата: данные наблюдений и результаты численного моделирования // Исследование Земли из космоса. – М.: МИИГАиК, 2004. – № 2. – С. 61–96.
2. Монин А.С. Теоретические основы геофизической гидродинамики. - Л.: Гидрометеоздат, 1988. – 424 с.
3. Геология терминдерінің сөздігі. Н. Сейітов, А. Абдулин. - Алматы: Білім, 1996. – 368 б.
4. Баранов В.Н., Бойко Е.Г., Краснорылов И.И. и др. Космическая геодезия. - М.: Недра, 1986. – 406 с.
5. Крылов В.И. Космическая геодезия. – М.: МИИГАиК, 2002. - 168 с.
6. Луповка В.А., Луповка Т.К. «Основы космической геодезии с элементами фотограмметрии» Учебное пособие. - М.: Изд. МИИГАиК, 1998. – 406 с

Белесарова Б.Б., магистр, аға оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

НАТЮРМОРТ КӨРІНІСІН БЕЙНЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Резюме

В данной статье рассматривается методика преподавания, которая включает технологию выполнения натюрморта на занятиях академической живописи для студентов творческих специальностей.

Summary

This article examines the methods of teaching, which includes the implementation of technology in the classroom academic still life painting for students of creative disciplines.

Білім іргетасының мықты қалануы қай заманда болмасын білім мен өнер, қоғам дамуының қайнар көзі болып табылады. Сондықтан да жоғарғы оқу орындарында білім беру және ғылыми зерттеу мен шығармашылық жұмыстарға зор мән беру заңдылық. Ұсынылып отырған мақалада, бейнелеу өнерінің бір саласы натюрморт жанрына арналады. Натюрмортты бейнелеуде келбет өнері мен табиғатты бейнелеудің кейбір заңдылықтарын қамтиды. Композициялық және құрылымдық жүйе мен бояулардың кеңістікте өзгеруі, айшықты формалар және материалдық қасиеттерін беру, үлкен қатынастарды шешу, кеңістікті көрсету және т.б.

Бояумен сурет салып, жазу үшін, көре білу керек. Суретшінің көруі-шығармашылық. Натюрмортты жақын кеңістіктен қарап қана қоймай, сезіп білуге де болады. Натюрморт күнделікті тұрмыстағы заттардың эстетикалық құндылығын көрсетеді.

Келбет жанрымен салыстырғанда натюрмортты бейнелеу жеңіл, өлі табиғат дейтіні де сол себептен, тұрған қалпында өзгертпейді, оны түрлі нүктелерден зерттей отырып ұзақ салуға болады. Натюрмортты бейнеленген заттардан, өмірдің нақты көрінісі, тарихи құбылысы және заман келбеті айқындалады. Суретші бейнеленер заттарды көзделген мақсатпен таңдап, өзінің ойын, сезімін білдіріп, әлемге деген жеке қатынасын айқындайды.

Өнер мен сыршырайдың негізгі мақсаты адамның көркемдік сезімін оятып, оны ойлауға, түйсінуге апарды. Суретшінің мақсаты көрерменнің назарын аудару, олардың ортақ сезімі мен әсерін туғызу, қоршаған ортаға жаңа көз-қараспен қарауына ықпал ету, осының барлығы адамның бойынан керемет сезім оятып, дағдылы заттарға басқа көзқараспен қаратуға ерекше мән берді.

Қазақстан суретшілері ұлттық дәстүрде натюрмортты, сан-алуан тақырыпта бейнелей отырып жоғары дәрежеге жеткізді. Қазақ халқының тұрмыс салтын, ұлттық дәстүрін, мәдениетін, ұлттық бейнелеу өнерін дамытуда Ә.Қастеев., Қ.Телжанов., А.Ғалымбаева., Г.Исмаилова., М.Кенбаев, т.б. суретшілердің шығармашылығының септігі мол.

Натюрморт көрінісін бейнелеуде біз сыршырай шеберінің пластикалық және үйлесімділік мүмкіншіліктерін сонымен қоса оның ерекшеліктерін байқаймыз. Осы жанрда көптеген қызмет ерекшеліктерін көреміз, кейде оны сыршырайдың камералы әні деп те атайды. Кейде жаттығу қойылымы ретінде де қолданылады, онда заттарды мұқият зерттеу бірінші сатыда болып келеді.

Натюрморт сыршырай жанрларының бірі ретінде қаншама мүмкіншіліктерді көрсетеді. Ол дербес шығарма ретінде өнердегі мәңгі адамзат тақырыбын ашты. Осындай натюрморт жанрының қызметі сыршырайда жансыз заттардың пішіні мен құрылымын ғана бейнелемей, сонымен қатар суретшінің өзін қоршаған ортаға және өмірге деген сезімін ашып, жұмысқа шығармашылық бағыт-бағдармен көрсетеді.

Өнерге деген жеке көзқарасы, өзіндік дара қолтаңбасы стилі туындайды. Заттармен әрқашан байланыста болу ол қуаныш, бейнелеу өнерінің тірі қайнар көзі. «Натюрморт шеберімен бейне арасындағы қызықты әңгіме». Суретші натюрмортпен жұмыс жасағанда оны ешкім елең қылмайды, өйткені көркемдік пен сыршырайға деген мұқият көңіл бөлу, натюрмортқа бейненің сұлулығы мен айшықты форманы сезінуге және көрерменнің бейнені суретші көзқарасымен көруге көмектеседі. Кезекті әрбір тапсырмада сыршырай шеберлігін меңгеру үшін, оқу және арнайы тапсырмаларды орындап, іскерлік білімін, қабілетін, дағдыларын нығайтып отыру керек. Егер алғашқы тапсырмаларды ойдағыдай орындамаса немесе берілген тапсырмаларды түсінбесе, қиындыққа тіреліп адасады.

Мысалға, студент түстік үйлесімділіктердің негізгі заңдылықтарын меңгермей, қоршаған ортаның түсін көрмей, бірден туындағы түстік үрдістің нақышты жиынтығын шешуге кіріседі. Жалпы түстердің үйлесімділігін көрсете білу ол өте күрделі мәселе. Оған адам бірден келмейді, ол бірте бірте арнайы тапсырмалар қатарын орындау жү-

йелілігі арқасында туындайтын нәрсе. Онда заттардың түстерінің айырмашылығы және түстердің үйлесімділігі қарастырылады.

Қойылатын нұсқа студенттерді көркемдік іс-әрекеттерге дайындау деңгейіне жауап беретін дидактикалық маңызды материал болып табылады. Әрбір қойылым жоғары эстетикалық талаптарға жауап беріп, көркемдік талғамды дамытуға әрбір тапсырмаға шығармашылық тұрғыда тоқталуға дағдыландырады. Академиялық сыршырайдың бағдарламасына ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді нобайлар енгізілген. Осындай мақсатпен ойдан, елестен орындалатын арнайы тапсырмалар да бар.

Онда студенттер бейнелеу сауаттылығының негізін меңгереді. Жалпы натюрморт қойылымында бірнеше мәселелерді шешу ұсынылады: қағаз бетіне натюрмортты орналастыру; заттардың біртұтастығын, және айқындығын анықтау; түстердің үйлесімділік реңдері арқылы жарық пен көлеңке үйлесімділіктерін анықтау; натюрморттағы заттардың көлемділігін, жарықтығын, жалпы өңділік шешімін табу; пішіннің жарық және көлеңке арқылы аңғарылуы; неғұрлым көбірек жарық түскен бетке, жарық мол орналасады: ал ең жарық нүкте ақтаңдақ деп аталады; көмескі жарық түскен бетке солғын көлеңке орналасады; ең күңгірт бетке меншікті көлеңке орналасады; басқа заттардан шағылысып түскен жарық, шағылыс деп аталады; заттың көлеңкесі меншікті көлеңкеден қанық болады.

Сыршырайдағы көркемдік тәсілдерге майлы бояуларды қолданып станокты кескіндеме жазғанда, жұмысқа шығармашылық түрде тоқталған жөн. Дәл осы жанрда бейненің пластикасымен бояулардың реңдерін көрсете білуі. Қоршаған әлемнің сұлулығын айқындап, майлы бояулармен сыршырай тәсілдерінде заттардың нәзіктігін бере отырып, өнердің негізгі заңдарына сүйенуі керек. Жұмыс арқылы көрерменнің өз айналасындағы заттарға, көңіл бөлуіне үлес қосуымыз керек. Қоршаған ортадан эстетикалық рахат алып, сұлулықты бағалай білуге студенттерді үйрету. Қолданбалы қол өнер үлгілерін, тұрмыстық заттарды, жеміс жидектерді, алуан түрлі мамандықтарды сипаттайтын заттарды натюрморт жанры арқылы көрсету. Жұмыстың мақсаты ол көркем шығармашылық жолды меңгеру іс әрекеттерінде таныта білу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Маханбетжанова Г.М. Академиялық сыршырай. – Астана: «Тұран-Астана» университеті, 2009. – 99 б.
2. Қайдаров М.У. Живопись технологиясы мен техникасы. - Алматы: Өлке, 2009. - 72 б.
3. Мизанбаев Р. Живопись. – Алматы: Print-S, 2005. - 161б.